

Ә. ДӘУЛЕТХАН

АБДУҚАДЫР БІННИ АБДУАРЫС ҚАШҚАРИЙ

Ұйғыр халқының жаңа демократиялық-реформаторлық қозғалысының көшбасында тұрып, жаңаша оқу оқытуды жолға қоюды ұйымдастыруға белсене ат салысқан аса көрнекті қоғам қайраткері, діни ғұлама, дарынды отаншыл ақын Абдуқадыр Дамолламның орны мен рөлінің өте жоғары болғандығын өз замандастары да, одан кейінгі ұрпақ та талассыз мойындаған болатын.

Абдуқадыр Бінни Абдуарыс (Абдууарыс) Қашқариды құрметтеген халқы көбінше Абдуқадыр Дамоллам деп атап кеткендіктен, біз де солай атап, солай жазамыз.

Абдуқадыр Дамоллам өмірін зерттеушілердің кейбірі, туылған жылын әртүрлі жазып жүрсе де, [1] 1854–1855 жылы Қашқардың Атуш өңіріне қарасты Мешьент кенті, Бағырлық мағалласында Абдуарыс деген көзі ашық адамның отбасында дүниеге келген деген сөзге тоқтау орынды деп қарадық. Алғашқы білім негізін өз жеріндегі мектептен алған болашақ ғалым, Қашқардағы әйгілі «Хандық медресеге» оқуға түсіп заманының танылған білімдар ұстаздарынан тәлім алады. Алайда, сол тұстағы алты шаһарда болып жатқан аласапыран соғыстар, ішкі қырқыстар, Манжур-Қытай шапқыншылығы алдындағы дүрбелеңдер жас шәкірттің оқуын жалғастыруға мүмкіндік бермегендіктен Бұхара қаласына кетіп, «Абду-ләзіз хан медресесіне» түсіп оқиды. Бұхарадағы оқу, болашақ қайраткердің жан-жақты білім алуына, әсіресе діни ілімді тереңдете игеруіне, әдебиет, тарих, жағрафия, логика, есеп пәндерінен мол мағлұмат алуына, сондай-ақ «Шығыстың жеті жұлдызы» бастаған классикалық поэзия мен сусындауына көмектеседі.

Абдуқадыр Дамоллам оқуын сәтті аяқтаған соң Самарқанд, Өфе (Уфа) қалаларына барып бір мезгіл ұстаздық етеді. Осы барыста медреселердегі оқулықтардың заман талабына сай келе бермесін сезініп «Қаид Зүрүрие» (Ділгір, керекті сенімдер) және «Ибадат Исламие» (Ислам ғибадаттары) деген кітаптарын жазып, ұлтжанды ұйғыр аukatтыларының қаражатымен баспадан шығарады.

Отан сүйгіш жас шетелдерде, туысқан түрік халықтары арасында болып жатқан жаңалықтар мен игі өзгерістерді, жаппай ояну, алға ұмтылу арқылы ұлт-азаттығы күресі жолына бел байлап кірісе бастағанын көріп, өз халқының мүшкіл халі есіне түсіп, мазасы кетеді. Қайткенде халықты оятуға, ілім-білімге жұмылдыруға болады дегенге қанағаттанар-

лық жауап табу үшін Қазан, Ыстамбол, Ташкент, Хожент қатарлы қалаларды аралап, реформа тәжірибелерін үйреніп, ой-жоспарын орнықтырудың нақты әрекетіне көшеді. Сөйтіп мол білім, тиянақты іс-тәжірибе, батыл күрес сенімімен 1907 жылы Қашқарына қайтып оралады.

Бұл жылдарда Қашқарда енді-енді тамыр тарта бастаған жаңаша оқу оқытумен ескіше оқу оқыту арасында бітіспес күрес, талас-тартыс үдей бастаған кез еді. Қашқарда ағайынды Үсейін бай мен Баһаудүн байлар жаңаша оқуды жолға қоятын кәсіптік мектептер ашып, заман талабына сай білім беріп, мамандық иеленуге мұрындық бола бастап еді. Абдуқадыр Дамоллам бұл жаңа бастаманы қызу қолдап оқу-ағарту реформасына жеделдете кірісіп кетеді. Ол алдымен оқыту әдісіне, оқу мазмұнына, оқу құралдарына өзгеріс енгізу керек деп ұйғарады да, мектептер үшін «Серф-Несуй» (Морфология және синтаксис), «Тейіліл ысаб» (Есеп ілімі), «Ғылыми Жұғрафия», «Еқаид жауһерие» (Шын сенімдер), Мүтеалие ыдает» (Бастаушы оқулар), «Биданнет түссерф» (Морфологиядан бастапқы негіздер), «Теілі Себият» (Балалар тәрбиесі жөнінде), «Несаиьұл етфал» (Өспірімдерге насихат) қатарлы оқулықтар мен тәрбиелік кітаптар жазып шығады. Бұл кітаптар 1910 жылы Баһаудүн байдың «Метбей Хұршіде Метбей нұр» (Нұр баспасы) баспасынан кітап етіп басып шығарып мектептерге тегін таратып береді. Өзі сол оқулықтар негізінде мектеп-медреселерде сынақ ретінде сабақ өтіп көпшіліктің алғысына бөленеді.

Алайда, Дамолламның бұл игі, жаңашыл әрекетінен шошынған тоңмойын, надан молда-ишандар отаршыл билікке арқа сүйеп жаңа бастамаға, оны қолдаушыларға құтырына шабуылдап, жұмыс істеуге мүмкіндік қалдырмағанына қатты налып, көңілі қалған Дамоллам қажыға баруды сылтауратып, елден кетуге мәжбүр болады. 1918–1920 жылдар аралығында Ташкент, Семей, Өфе, Қазан, Орал, Түркия жерлерін аралап Меккеге барады. Ақыры халқына қызмет ету арманы маза бермей, тәуекелмен Қашқарға қайта оралады.

Бұл кезең Шыңжаң өлкесінің барлық әскери-әкімшілік билігін қолында ұстап, әйгілі «халықты нағандықта ұстау» саясатын өлермендене жүргізіп, жылт еткен жаңалыққа, ұлттық оянуға жол бермей тұрған уақыт еді. Осы бір аса айлакер зұлым генерал өлкенің байырғы тұрғындарының сауаттанып,

әлемдік өзгерістермен жаңалықтардан хабардар болуынан өлердей қорқушы еді. Ол Абдуқадыр Дамоллам сияқты демократиялық бағдар тұтып, жаңаша оқу-білім ісін жолға қоюшылардың әрекетіне тікелей қарсы шығудың қауіпті екенін алдын ала мөлшерлеп жергілікті надан, мешеу молда-сопылардың қолтығына су бүркіп, бір-біріне айдап салудың өзіне тиімді екенін жақсы білді. Жергілікті зұлым күштердің Дамолламды «Құдайсыз», «жәдитшіл» ислам қағидаларына «шек келтіруші» деген айыптарын қолдап құтыртып отырғаны жұртқа аян. Олар астыртын қастандық ұйымдастырып жатқанынан Дамоллам хабарсыз еді.

Абдуқадыр Дамоллам өзінің реформашылдық әрекетін үш бағыт бойынша батыл жүргізе берді. Оның біріншісі, ғылым-білімнен жұрдай болып артта қалған, надандық пен соқыр сенім тұманында адасқан халқына үгіт-насихат айту мақсатымен «Несіъети Амма» (Халық бұқарасына насихат деген арнайы шығарма жазып, онда былай деп үндеу тастайды:

«Бұл заман қараңғылық пен бейғамдық заманы емес, ғылым мен өнер заманы, бейғамдық пен бос сандалдың да уақыты емес, алға ұмтылу мен қайрат көрсететін уақыт. Басқа ұлттар ғылым-білімнің арқасында аспанға ұшып, самғап жүр, су астында бейне құрлықта жүргендей еркін жүзіп жүр. Ал біз болсақ әлі күнге дейін қара басып ұйықтап жатырмыз. Ұйқы дегенің өлімнің серігі, әрі өлімге бастап апарар төте жолдың өзі. Біз осылайша ұйықтай берсек, онда мүлде жоғалу жолына немесе өлім жолына түскеніміз. Дегенмен, әлі де уақыт та, мүмкіндік те бар. ...Қалай болғанда да бұл дүниеде өмір сүру жөн емес. Адам баласы кішкентайынан білім алып, кәсіппен (өнермен) шұғылдануы керек. Әр қандай істің өзінен-өзі біте қалуын тәңірден жалбарынып сұрай беруге болмас. Яғни әр бір іс тиянақты ұмтылыс пен ұқыптылық көрсеткенде ғана тиянақты бітеді» [2].

Бұл келтірген үзіндіден XIX ғасырда бүкіл ислам-түрік дүниесін шарлап жүрген жәдитшілдік, реформашылық рухының ұйқыда жатқан ұйғыр халқына да дабыл қаға жеткенін көреміз.

Екіншісі, Дамоллам тек жалаң үгіт-насихат-пен ғана шектеліп қалмай өзіне тапсырылған қазылық міндетін әділдікпен атқарып халқының сүйіспеншілігіне, көзі ашық аумақты адамдардың нақты қолдап-қуаттауына ие болғандықтан, солардың қаржылай көмегімен 52 талапкерді Германия, Франция, Түркия, Мысыр елдеріне оқуға жіберуге қол жеткізеді. Бұл Алтышаһар тарихында бұрынсоңды болмаған аса зор жаңалық болатын.

Үшіншісі, жас ұрпақты, әсіресе ата-анасы қамқорлығынан айырылып қаңғырып қалған балаларды тәрбиелеп, қамқорлыққа алуды өз борышы санағандықтан Қашқар қаласында «Метлеіл ыдаят» деген мектеп ашып, оны өзі басқарған. Халықтан жиналған ұшыр-зекет, қайыр-садақаны солардың қажетіне жұмсап, көптеген жетім-дердің көзін ашып, оң жолға салған.

Бұндай ауқымды қоғамдық істер отаршылдар мен кертартпа кара күштердің мазасын алып, өшпенділігін қоздыра түседі. Ақыры 1924 жылғы 14-тамыздың кешінде өз үйінде қастандықпен өлтіріп тастады.

Абдуқадыр Дамолламның қайғылы қазасы бүкіл Алтышаһарды дүр сілкіндіріп қана қойған жоқ, шалғайдағы Ташкент, Шәуешек, Құлжаны көктей өтіп, Өфе, Қазан, Ыстамболдағы мұсылман түріктерді қатты қайғыртқаны жөнінде сол тұста шығатын газет-журналдарда көптеген азалы хабарлар, арнау өлеңдер басылғаны белгілі.

Бір ғажабы, Алтышаһар тарихында алғаш рет марқұмды жерлеуге жиналған азалы көпшілік жамағат бар дауыспен қаралы жоқтау айтып табытты көтере мазаратқа шеру тартқан болатын.

Таулар, тастар тебіреніп,
Қатты шақпақ шаққан ба?!
Дәрия суы қан болып,
Бүгін кері аққан ба?
Ай тұтылмас деппіз-ау,
Күн тұтылмас деппіз-ау.
Дамолламдай ұлыға,
Қас қылмайды деппіз-ау.
Бұлбұл едің бұл бақта,
Сайраушы едің әр шақта.
Дұшпан сенен айырды,
Қиын-қыстау бір шақта.
Аты қандай тамаша,
Абдуқадыр емес пе?
Халқымызға жол бастап,
Өмірі өткен емес пе?!
Өлтіргізді дұшпандар,
Көре алмаған мұңдарлар.
Саған төгіп көз жасын,
Зарлап қалды дертмендер.
Жайың болсын жәннәтта,
Норлар болсын қызметте.
Ұмытпаймыз біз сені,

Мәңгі бақи мәңгіге! [3] (еркін аударма)

Сол тұстағы мұсылмандық адам жерлеу рәсімінде бола бермейтін тағы бір оқыс көрінер жаңалық, марқұмды жерлеп болған соң сол заманның ең құрметті, беделді ақынының бірі болған Құтлұқ Ажы Шәуки аса тебіреніспен жұбату сөзін айтып, жамағатқа Дамолламның өмір жолы, тындырған көрнекті істері, халқына жасаған қалтықсыз қызметі,

халқының шексіз құрметі жөнінде өзінің армантілегі мен марқұмның артына қалдырып кеткен ұлы аманаттарын орындауға деген адалдығы, бекімді шешімі жөнінде жалынды сөз сөйлегендігі деуге болады. Бұл да болса марқұмның елі алдындағы асқақ абыройының бір көрінісі ретінде Қашқар халқының есінде ұзақ сақталған.

Абдуқадыр Дамолламның жан-жақтылығы қоғамдық қызметі ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі ұйғыр оқу-ағартуы мен мәдениеті саласында аса зор жаңалықтар мен өзгерістерге тікелей байланысты еді. Ұйғыр әдебиеті тарихындағы классикалық дәстүрді жаңа заман талабына сай жаңғыртып, жаңартушы ұлт ақыны ретінде де даналыққа бөленген адам болды.

Абдуқадыр Дамолламның шығармалары мазмұнына әрі жанрына қарай: ғылыми және әдеби шығармалар деп екіге бөліп қарастырылады.

Ғылыми шығармалары жөнінде жоғарыда қысқаша тоқталып өткенбіз. Ал әдеби шығармаларына мыналар жатады: «Мыфтахұл әдеб» (әдебиеттің кілті), «Жеуа ырул ытан», «Күллият мұхеммес» және «Миуалар мұназирысы» (жемістер айтысы қатарлы өлеңдері).

Ақынның поэзиялық шығармаларында мұхеммес жанрының орны ерекше, онда өз заманының әділетсіздігі, өкімет адамдарының бойындағы залымдық, іріп-шірігендік, қазы-молдалардың менмендігі мен ашкөз паракорлығы, сопы-ишан дегендердің алдамшылығы мен екі жүзділігі, өзімшілдігі, саудагерлеріміздің ынсапсыздығы мен алдамкестігі аяусыз әшкереленіп, өткір сыналады, масқараланып таңбаланады. Сол арқылы адамдарды өмірді қадірлеуге, пәк-тазалыққа, табандылыққа, ілім-білімді қастерлеп, ғалымдарды қадірлеуге шақырады.

Ақынның «Миуалар мұназирасы» атты ұзақ өлеңі алуан түрлі жемістерді өзара айтыстыру жолмен, әрбір жемістің өзіндік ерекшеліктерін, адам өміріне пайдалы қасиеттерін жырлай келе, сол ғажап өнімдерді өндіріп, баптайтын еңбек-шілердің еңбегін қадірлеп, соларды ұлықтау жөнінде халыққа ой тастайды.

Абдуқадыр Дамолламның айрықша атап өтерлік еңбегінің бірі 1911 жылдары жазылып, Ташкенттегі «Ғұлами» баспасынан басылып шыққан «Мыфтахұл әдеб» атты араб тілін үйренушілерге арнап дайындалған оқулығы болатын. Бұл оқулық екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлім он тараудан, екіншісі – бес тараудан тұрады. Бірінші бөлім 95 бет. 1746 жолдан құралған. Мұнда мұсылман әлеміне аты мәлім араб,

парсы, ұйғыр ақындарының өлеңдері бар, ұйғыр ақындарынан Тежеллінің 164, Абдуқадыр Дамолламның 148, Сыражден Мехдұмның 8 жол өлеңдері енгізілген.

Бұл топтамаларда негізінен адамзаттың мән-мағынасы неде? Адамның қадір-қасиеті немен өлшенеді? Адамда қандай адами қасиеттер болуы керек? – дегендерге өзінше жауап іздеп қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаевпен ой жарыстырғанда терең толғанысты, ұлағатты ғақлиялық сөз жауыарларын тізбелейді. Абай қара сөздерімен мазмұндасып жатқан ойлары ХІХ–ХХ ғасырлардағы жалпы мұсылман-түрік ойшылдарын толғандыратын мәселелердің ортақ болғанынан дерек беріп тұрғандай.

«Мыфтахұл әдеб» терең философиялық толғанысқа толы шығарма, онда «Адам басқалардан бөлектеніп таудың үстіне шығып алса да қайшылықтан қашып құтыла алмайды», немесе «таршылықтан кейін кеңшілік келеді, қайғы-қасірет таяуда тұрған қуаныштан хабар береді», «барлық құбылыстар соңына жеткенде, оған жарық сәулелің жетіп келуі таянғаны» т.б. ғибратты сөздер мол.

Ал «Еъаид Зүрүрие» атты оқулығында мынадай сұрақ-жауаптар бар:

– Адамның бейшара, қорғансыз болып қалғанына не деуге болады?

– Екі нәрсе: бірі жағалат (қараңғылық) және надандық, екіншісі – алтыбақан алауыздық пен қарама-қарсылық болып табылады.

– Абырой-атақ, күш-қуат қайдан келеді?

– Ілім-білім мен ынтымақтан келеді.

Осы бір тілге жеңіл, көкейге қонымды қарапайым сөйлемдердің жасқа да, үлкенге де берер тағылымы аз болмаса керек.

ХІХ–ХХ ғасырларда қалам тербеген ұйғыр ақын-жазушылары арасында Абдуқадыр Дамолламдай алыс-жақынға өз кезінде танылған, шығармаларының дені баспа бетін көрген, әрі олары оқырмандарына өз уағында жетіп, нақты өміртіршілігімен үндесіп, қабысып-табысып кеткен басқа ешкімді де айта алмаймыз.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Абдуқадыр Дамолламның қайғылы қазасын айтпағанда, өнегелі де мол жемісті әрі бақытты адам деуге болады. Абдуқадыр Дамоллам өзінен кейінгі ұйғыр зиялылары мен жастарына жаңа демократиялық, реформашыл-жәдитшілдік идеясын аманат етіп, ғылым-біліммен қаруланған халық қана аңсаған теңдік пен бостандыққа, ұлттық-азаттыққа қол жеткізе аларына, онсыз мәңгілік қара түнекте қалатынына сендіріп,

иландырып кеткендей болып еді.

Қорыта келгенде Абдукадыр Дамоллам XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басқы кезінде бұр жарып, тамыр жая бастаған ұлттық идеологияның, жәдитизмнің, реформашылықтың алғашқы ту ұстаушысы, жаңалықтың жаршысы ретінде ұйғыр халқының, сондай-ақ күллі мұсылман-түрік халықтарының ортақ мақтаныш етер тұлғасы болғандығын танып-білер уақыт жеткенін, тамырластық пен тағдырластық тағылымы бізден сондай игілікті істерге ұйтқы болуды талап ететінін айтқымыз келеді. Өйткені түрік бірлігі, тұтастығы, бауырлас-тағдырластығы жәй сөзбен, салтанатты мәлімдемелермен емес, дәл осындай ұлы тұлғалардың ой сана, іс-әрекеттерінің бірлігі мен тамырластығын дәріптеу арқылы халық жүрегінен орын алуға тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. Ұйғыр әдебиеті тарихы. 3-нші том. Бейжиң, 2006. 314-б.
2. Бұл да сонда, 320-б.
3. Ұйғыр ыазыркы заман едебиаті тарихы. Шиңжян маһаріп. 2002. Үрімжі. 116 -бет (ұйғыр тілінде).